

ŞÜĞYLA-RADUGA

№20 (6558), 13 наурыз 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады



Всемирный день защиты прав потребителя

ГЛАВНАЯ ЦЕЛЬ – ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ ОСВЕДОМЛЕННОСТИ ПОКУПАТЕЛЕЙ



МЫҢ АЙДАН ДА АРТЫҚ ТҮН

ҚУАТТЫ Өңір – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Ауданның әлеуеті жыл санап артып келеді

Тараз қаласына іргелес жатқан Жамбыл ауданының әлеуеті жыл санап артып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес өңірде серпінді жобалар іске асырылуда. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларында ілгерілеу бар. Мәселен, былтырғы атқарылған жұмыстар есебінен ауданның негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 35 миллиард 413,9 миллион теңгені құрады. Оның ішінде жеке инвестиция көлемі 28 миллиард теңгеден асады. Өткен жылы жалпы құны 1,8 миллиард теңгені құрайтын 5 жоба жүзеге асырылды.



Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Бүгінде ауданда 12 шағын өнеркәсіп жұмыс істейді. Оның қатарында «Амангелді мұнай өңдеу зауыты», «Супер фарм» – медициналық бұйымдар және «Кнауф Гипс Тараз» – гипс тасын өндіру зауыттары бар.

Былтыр Тараз қаласы аумағының кеңейтілуіне байланысты ауданнан «БиномСтройДеталь», «КазУпаКТрейд» және «Достық продукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері қалаға өтті. Дегенмен өткен жылы өнеркәсіп саласында 44,5 миллиард теңгенің өнімі өндірілді. Оның ішінде «Амангелді мұнай өңдеу зауыты», «Кнауф Гипс Тараз», «Супер фарм» және «Ерсал» серіктестіктерінің үлесі қомақты.

Сала бойынша айтар болсақ, ауыл шаруашылығы саласында төрт жоба қолға алынып, 21 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның қатарында Айшабиби ауылындағы сыйымдылығы жеті мың тоннаны құрайтын көкөніс қоймасы бар. Мұнда сегіз адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Ал Гродиково ауылдық округінде жеке кәсіпкер Дариғаш Ақылбекова жылына 90 тонна сүт өндіретін цехтің құрылысын аяқтап, сегіз адамды жұмысқа қабылдады. Округтегі «Карим Жансерік» шаруа қожалығы

жылдық қуаты 10 тонна балық шаруашылығын іске асыру үшін бассейнін құрылысын аяқтап отыр. Екі адам жұмысқа орналастырылған. «Жуманов Саламат» шаруа қожалығы жылдық қуаты 35 тонна балық шаруашылығын іске асыру үшін бассейн құрылысын аяқтап, жұмысын бастап кетті.

Туризм саласы бойынша жалпы құны 700 миллион теңгені құрайтын бір жоба іске асырылып, 50 жаңа жұмыс орны құрылды. Бұл – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойында орналасқан «Арзан Сити-3» қызмет көрсету орталығы. Мұнда 500 орындық асхана, 14 бөлмеден тұратын қонақ үй, дүкен және монша жұмыс істеп тұр. Ал биыл бұл салада 12 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Мұның ішінде өткен жылдан өтпелі үш жоба бар. Атап айтсақ, Қолқайнар ауылдық округінде «АзНұр» шаруа қожалығы тәулігіне 8 тонна сүт өндіретін тауарлы сүт фермасының құрылысын жүргізуде. Ақбастау ауылдық округінде жеке кәсіпкер Шавкат Рыжыбаев жылына 240 мың балапан өсіретін ет бағытындағы құс фабрикасының құрылысын бастап кетті. Келесі нысан «Таң Петроил» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі күре жол

бойындағы қызмет көрсету орталығының құрылысын жүргізу үстінде. Бұл жобалардың аяқталу мерзімі үстіміздегі жылдың енішінде.

Бұдан бөлек, биыл жанадан 9 инвестициялық жоба жоспарланып отыр. Тарқатып айтсақ, Бірлесу-Еңбек елді мекені аумағынан «Кнауф Гипс Тараз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі гипсокартон және құрғақ қоспаларын өндіру зауытын кеңейтуді іске асыруды қолға алуда. Мерзімі 2026-2027 жылдарға белгіленген. Осы мақсатта 28 гектар жер телімі бөлінген. Жобаның құны – 14,5 миллиард теңге, жылдық қуаты – 22 миллион шаршы метр гипс және гипсокартон өндіру. Жоба іске асырылған сәтте 100 жаңа жұмыс орны құрылады деп жоспарланған.

Келесі жоба Әулікөл ауылы аумағынан «KEGOC» АҚ электр стансасы құрылысын жүргізуді көздеп отыр. Жобаның құны – бес миллиард теңге. Қуаты – ПС500/220/10кВ. 10 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Бүгінде электр стансасын кеңейту бойынша құрылыс жұмыстары жүруде. Сондай-ақ осы ауылдың аумағынан «Juri-Masdar (Abu Dhabi future energy company)» компаниясы 25 шақырым аэу электр желісін жүргізуді

жоспарлауда. Жоба биылғы жылдың бірінші тоқсанында басталып, 2027 жылдың басында аяқталады. Бұл жобаның да құны – бес миллиард теңге. Құрылатын жұмыс орны – 20 адам. Әулікөл ауылы аумағында орналасқан «KEGOC» АҚ-ның 500кВ подстансасына қосуды көздеуде. Бұдан бөлек, Айшабиби ауылдық округінде «ГЭСМЫРЗАТАЙ» ЖШС бу-газ қондырғыларын өндіру зауытын іске қосуды, «Dostar brendfish» ЖШС балық шаруашылығын, «БМ Холдинг» ЖШС көкөніс сақтау қоймасын, ал «Дауымбаев Омархан» ЖШС балық шаруашылығын, «БМ Холдинг» ЖШС көкөніс сақтау қоймасын, ал «Дауымбаев Омархан» ЖШС балық шаруашылығын ашуды жоспарлап отыр. Ақбастау ауылдық округінде орналасқан «Сіргелі» шаруа қожалығы 3000 орынға арналған мал бордақылау кешенін, «Еркежан» шаруа қожалығы балық шаруашылығын ашпақ ниетте. Шағын және орта бизнес саласы да ауданда жақсы дамып келеді.

Ауданда 6650 шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Оның ішінде тұрақты жұмыс істеп тұрғаны – 6136. Онда жұмыспен қамтылған адам саны – 7967. Кәсіпкерлер күшімен 52,3 миллиард теңгенің өнімі өндірілді.

СЕНБІЛІК

ТАЗАЛЫҚҚА БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ



Бүгінде аудан аумағында санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мұндағы басты мақсат – елді мекендердің көркін арттыру, қоршаған ортаның тазалығын сақтау және тұрғындарды ортақ іске жұмылдыру.

Мақсат ЖУМАБАЕВ

Игілікті іске ауылдық округтер де атсалысуда. Тазалық айлығы басталғалы Тоғызтарау ауылдық округінде бірқатар жұмыстар атқарылды. Ауылдық округ әкімі аппаратының және елді мекендерде орналасқан мекемелердің қызметкерлері, ауыл тұрғындары мен ерікті жастар ауыл аумағын ретке

келтіруге біркісідей атсалысуда.

Өткен аптада ауылдық округ әкімі Нұрәділ Төлеков бастаған қызметкерлер Жамбыл, Жүніс көшелерінің бойын артық қоқыстардан арылып, айналаны ретке келтірді. Сонымен қатар Тоғызтарау мешітінің маңайы арамшөптерден аршылып, шенгелдер шабылып, күл-қоқыстар сыртқа шығарылды. Әлеуметтік нысандар да назардан тыс қалмай, ғимараттардың айналасы тазартылды.

– «Ауылына қарап азаматын таны» деген халық даналығы бекер айтылмаған.

15 НАУРЫЗ МАРТА
Өрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
РЕФЕРЕНДУМ
Важен голос каждого из нас!
www.election.gov.kz

КОМИССИЯНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің мәжіліс залында 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумға дайындық жұмыстарын талқылау, комиссиялардың ұйымдастырушылық және құқықтық дайындығын пысықтау жөнінде облыстық аумақтық референдум комиссиясының кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға облыстық референдум комиссиясының толық құрамы, Тараз қаласы мен аудандық аумақтық референдум комиссияларының төрағалары, орынбасарлары және хатшылары қатысты.

Отырысты облыстық аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Серғали Айдапқелов ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды. Референдумды өткізу барысындағы барлық ұйымдастырушылық мәселелердің маңыздылығына тоқталып, комиссия мүшелерінің жауапкершілігі жоғары екенін айтты.

Оның сөзін жалғаған облыстық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Талғат Жамалов 15 наурызға тағайындалған республикалық референдум қатысушыларын оқыту жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 24 ақпаны мен 5 наурызы аралығында облыстық барлық аудандары мен Тараз қаласында өткен аумақтық және учаскелік референдум комиссиялары мүшелеріне арналған оқыту іс-шараларының қорытындылары туралы баяндады.

СҰХБАТ

АУЫЛДАН БАСТАЛҒАН АРМАН

Ауыл әйелінің қолынан тек үй тірлігі мен бала тәрбиесі ғана келеді деген ескі түсінік бүгінде өзгеріп, жаңа сипат алған. Қазіргі қазақ әйелінің бейнесі – тек шаңырақтың ұйытқысы ғана емес, қоғам ісіне белсене араласу, өз кәсібін дөңгелеткен іскер жан. Сондай жандардың бірі – Бесағаш ауылының тумасы, үш перзенттің анасы Рахима Бекмұханбетова.



Ол декреттік демалысқа дейін еліміздегі ірі желілердің бірі «Садыхан» дәріханасында фармацевт болып еңбек етті. Жауапкершілігі мол салада тәжірибе жинақтап, көпшілікпен жұмыс істеудің қыр-сәрін меңгерген ол әрдайым ізденісте болды. Алайда ана атанып, декреттік демалысқа шыққан сәтте өмірге өзгеше көзқараспен қарап, жаңа бір белеске қадам басуға мүмкіндік алды. Үйде бала тәрбиесімен айналыса жүріп, бұрыннан қоныл төрінен орын алған сұлулық салонна бет бұруды жөн санады.

Мемлекет тарапынан қолға алынған «Ауыл аманаты» бағдарламасының игілігін тиімді пайдаланып, арнайы білім алып, өз кәсібін бастады. Бүгінде ол ауыл тұрғындарына бет әрлеу мен шаш қию қызметін ұсынып, кәсібін нық сеніммен жүргізіп келеді. Ауылдан басталған шағын қадам үлкен мақсаттарға жол ашты. Осылайша жаңа бағытта табысқа жеткен ауыл кәсіпкерімен сұхбаттасқан едік.

ХАБАРЛАНДЫРУ
«АС-ЕР» МАЛ БАЗАРЫ
15 НАУРЫЗ, ЖЕКСЕНБІ КҮНІ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ.
ЖҰМЫС КҮНІ
14 НАУРЫЗ, СЕНБІГЕ АУЫСТЫРЫЛДЫ.
Келесі аптадан бастап базар әр жексенбі күні штаттық режимде жұмыс істейді.
Image of a horse and sheep.

Соңы. Басы 1-бетте

АУДАННЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖЫЛ САНАП АРТЫП КЕЛЕДІ

Кәсіпкерлікпен бірге ауыл шаруашылығы саласында да динамика қалыптасып отыр. Мәселен, өткен жылдың ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 56 миллиард 584 миллион теңгені құрады. Мұның 36 миллиард 893 миллион теңгесі өсімдік, 19 миллиард 285 миллион теңгесі мал шаруашылығына тиесілі. Бүгінде ауданда 2599 агроқұрылым жұмыс жүргізуде, оның 2-еуі өндірістік кооператив, 33-і – ауыл шаруашылығы кооперативі және 2564-і – шаруа қожалық.

Былтырғы жылы 51933 гектар алқапқа ақ егіс және басқа да дақылдар себілген. Бұл егіс алқаптарынан мол өнім алынды.

Атап айтсақ, бидайдан 5441, арпадан 14378, картоптан 6766, көкөністен 244156, майлы дақылдардан 2670 тонна өнім жиналды. Ал дәндік жүгеріден 11182, сүрлемдік жүгеріден 2940, бақшадан 19635, қант қызылшасынан 26972 тонна өнім жиналса, мал азығы үшін 295131 тонна жем дайындалды. Өткен жылдың қуаңшылығына қарамастан аудан диқандары егіс алқаптарынан жақсы өнімге қол жеткізді.

Ауыл шаруашылығы техникасының жаңартылуына да өз деңгейінде көңіл бөлінуде. Осы мақсатта былтыр 103 ауыл шаруашылығы техникасы алынды. Оның 42-сі – трактор, 1-еуі – комбайн, қалғаны – ауыл шаруашылығы тіркемелері. Сондай-ақ ауданда ауыл шаруашылығы өнімін сақтау мақсатында қоймалар кешенін дамыту жақсы жолға қойылған. Атап айтсақ, «АЛИЗА» ЖШС салған сыйымдылығы жеті мың тоннаны құрайтын көкөніс сақтау қоймасына электр желісі тартылған. Ал «А.Рыспапов» шаруа қожалығының көкөніс сақтау қоймасы газдандырылды. Тоғызтарау және Өрнек елді мекендерінде мал шомылдыруға арналған орын салынса, Аса ауылында жеке кәсіпкер Қарабеков мал сою алаңын іске қосты. Оның тәуліктік қуаты 200 ұсақ малға арналған.

Өткен жылы мемлекет тарапынан 525 шаруа қожалығына 3 миллиард 147 миллион теңге қолдау көрсетілді. Ал «Аграрлық несие корпорациясы» және «ҚазАгроКаржы» акционерлік қоғамдары арқылы 64 агроқұрылым 1,5 миллиард теңге несие алды. Бұдан бөлек, «Дихан» несиелік серіктестігі арқылы 26 адам несиемен қамтылды. Оның дені мал шаруашылығына берілген.

Бүгінде ауданда 16 қылыжай бар. Оның жалпы аумағы 1,9891 гектарды құрайды. Қазіргі таңда 11 жылыжайда көкөністер өсірілуде. Өткен жылы Тараз қаласының құрамына 11 елді мекеннің кіруіне байланысты 65 қылыжай қала аумағына өтіп кетті. Оның жалпы аумағы – 7,181 гектар.

Бұған дейін аудан аумағында 67 қойма болса, сыйымдылығы 34250 тоннаны құрайтын 59 қойма Тараз қаласы аумағына өтіп, бүгінде ауданда сыйымдылығы 4980 тоннаны құрайтын көкөніс және жеміс сақтайтын 8 қойма жұмыс істеді. Онда 650 тонна пияз, 160 тонна сәбіз сақталуда.

Қазір аудан аумағы 419,8 мың гектарды құрайды, оның 235,9 мың гектары – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер, егістік жері – 55,2 мың гектар. Оның ішінде суармалысы – 28,4, суарылмайтын егістік – 26,7, көпжылдық екпелер – 1,2, шабындық – 7,7, жайылым – 170,3, бөгді жерлер 1,2 мың гектар алқапты алып жатыр. Ал елді мекеннің жері 34,9 мың гектарды құрады, өндірістік мақсаттағы жерлер – 9,9 мың гектар. Орман қоры – 125,7, су қорының жері – 1,2, босалқы жер 11,9 мың гектарды құрайды.

Өткен жылы ауданда игерусіз жатқан 4040 гектар жер телімі мемлекет



меншігіне қайтарылды. Оның 257 гектары – суармалы, 74 гектары – суарылмайтын егістік, 3620 гектары – жайылым, 74 гектары – шабындық және 15 гектары – бөгді жерлер. Қазіргі таңда әкімдік тарапынан иесіз жатқан 1323,14 гектар жер учаскелері иесіз мүлік ретінде есепке алынды.

Құрылыс саласында да жүзеге асырылып жатқан жобалар көп. Өткен жылы құрылыс жұмыстары 13 миллиард 568 миллион теңгеге жүргізілді. Аудан аумағында бюджет қаражаты есебінен 7,7 миллиард теңгеге 25 нысанның құрылысы жүргізілуде. Бұдан бөлек, Тоғызтарау, Жаңаөткел, Құмсуат, Сенгірбай елді мекендерінде ауылшілік және Сенгірбайда магистральды газ құбыры тартылып, табиғи газ пайдалануға берілді. Сонымен қатар Аса ауылында орталық кітапхана, мемлекеттік архив, жасөспірімдерге арналған үйірмелер жүргізу орталығының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ендігі кезекте Көстөбеде мектеп, Тастөбеде спорт кешенінің, Бесағаш пен Ш.Ниязбеков елді мекендерінде мәдениет үйінің құрылыстары жүргізілуде. Олардың да илгілгін көретін күн алыс емес.

Ауданда пайдалануға берілген жекеменшік тұрғын үй көлемі 31316 шаршы метрді құрайды. Ал тұрғын үй кезегіндегі тұрғындар саны – 2528. Оның ішінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 112 бала, әлеуметтік әлсіз топтағы 601, қоппалалы 708 адам бар. Кезекте тұрған 309 мемлекеттік қызметші және 798 санатсыз азамат үй алуға ниет еткендердің қатарында тұр. Бұдан бөлек, республикалық бюджеттен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін Аса ауылынан 30 отбасыға үйлер сатып алынған. Сондай-ақ тұрғын үй сатып алуға құнды қағаздарын шығару есебінен берілетін бюджеттік кредиттер арқылы 180 пәтерге 2,3 миллиард теңге, оның ішінде 120 пәтерге аудандық бюджеттен қосымша қаржыландыру үшін 133 миллион теңге бөлінді.

Ауданда жер кезегінде тұрғандар саны – 13673. Жеті елді мекеннің жаңа тұрғын үй алқабына электр желісін, су, газ тарту, қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізіліп, кезектілікке сәйкес 1864 жер учаскесі берілген. Ал Продеково ауылында жаңадан салынатын тұрғын үйлердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту үшін қиыршық тас жол салу және сумен жабдықтау бойынша жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған. Қазіргі таңда газбен және электрмен жабдықтау бойынша жобалық-сметалық құжаттамасы



әзірленіп, сараптама қорытындысы күтілуде. Жоба іске асқанда 438 жер учаскесін беру көзделген.

Елді мекендерді таза ауызсумен қамту дұрыс жолға қойылған. Алдыңғы жылдан өтпелі жобалардан былтыр Өрнек, Жұма және Жаңаөткел елді мекендеріндегі таза ауызсу жүйесінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ал Бектөбе, Қызылшарық елді мекендеріндегі таза ауызсу жүйесінің құрылысы толық аяқталып, Тараз қаласы әкімдігінің төңіріміне өткізілді. Сондай-ақ Аса және Айшабibi елді мекендеріндегі халық санының өсуіне және жаңа тұрғын үй алқаптарының қосылуына байланысты таза ауызсу тапшылығын болдырмау мақсатында екінші көтергіш сорғы стансасының құрылысы жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған. Ол жобаның жалпы құны бір миллиард теңгеден асады.

Аудандағы 31 елді мекен толық таза ауызсумен қамтылды. Көгілдір отын мәселесі де толық шешім тапты.

Жол салына келсек, өткен жылы 4,6 шақырымды құрайтын 3 жол жүздеуден өткізілген. Биылға өткен жылдан өтпелі 17,5 шақырымды құрайтын екі жол бар. Олар – «Алмалы Ресорт» және Айшабibi-Қаратау бөлімшесінің жолы. Бұдан бөлек, былтыр жалпы ұзындығы 21,9 шақырымды құрайтын ауылшілік жолдар жөнделді. Электрмен қамту мақсатында 15 елді мекеннің 44 көшесі жарықтандырылды. Сондай-ақ бір елді мекеннің 3 көшесінің ескі бағаналары мен желілері ауыстырылса, 1 ауылға трансформатор орнатылған. Сонымен

қатар 2 елді мекеннің шағын стансасы мен трансформаторы ағымдағы жөндеуден өткізілсе, бір ауылдың таза ауызсу мұнарасына дейінгі электр желісінің сымдары ауыстырылды. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таппақ.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде 2025 жылы 11 жоба іске асырылды. Оның ішінде Тастөбе ауылындағы спорт кешенінің, Қызылқайнар мен Бесағаштағы мәдениет үйінің құрылысы бар. Сонымен қатар ауылшілік көше жолдарын жөндеу бойынша 8 ауылдық округте 8 жоба іске асырылды. Оның ішінде Тастөбе ауылындағы «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартуға 3942 адамды қамту жоспарланып, нақты 4741 адам қамтылған.

Жыл санап әлеуметтік саланың да әлеуеті артып келеді. Мәселен, былтыр Байтерек ауылында 100 орындық, Шайданада 150 орындық мектеп

аяқталды. Сондай-ақ психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ағымды жөнделді.

Өткен жылы Қаратау ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді. Аудандық орталық аурухананы күрделі жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып, сараптамадан өткізілді.

Мәдениет саласында да атқарылған жұмыс көп. Ауданда 1 аудандық мәдениет үйі, 4 ауылдық мәдениет үйі, 10 ауылдық клуб, 22 кітапхана, 1 музей бар. Былтыр «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қызылқайнар ауылында 180 орындық, Аса ауылында орталық кітапхана, архив және жасөспірімдерге арналған үйірмелер жүргізу орталығы пайдалануға берілді. Қаракемерде кітапхана ғимараты ағымды жөнделді. Бірлесу-Еңбек ауылында мәдениет үйінің құрылысын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Ауданда бұқаралық спортқа ден қойған жастардың қатары артып келеді. Бүгінгі күні өңірде 117 спорт нысаны бар. Былтыр Айшабibi елді мекенінде шағын футбол алаңшасының жасанды төсемі ауыстырылды. Аса ауылындағы Ф.Мұратбаев көшесінде, Бірлесу-Еңбек және Қаратау елді мекендерінде балалар ойын алаңдары орнатылды. Асада футбол, волейбол, баскетбол алаңшалары пайдалануға берілсе, Өулікөлде шағын футбол алаңы, Жаңаөткелде шағын футбол алаңшасына қосымша қоршау орнатылды. Сондай-ақ Бірлесу-Еңбек, Өрнек, Шайданада шағын футбол алаңдары ағымды жөндеуден өтті. Тастөбеде спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Ал Қызылқайнарда спорт кешені құрылысын жүргізу үшін тиісті жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылды.

Бүгінде аудан халқының 33,7 пайызын жастар құрайды. Бұл ауданда 17493



ел илігіне берілді. Ал Тоғызтарау ауылындағы Т.Тоқтаров атындағы орта мектепте жапсарлас құрылыс жұмыстары, Көстөбеде 100 орындық мектеп құрылысы жүргізілуде. Бұдан бөлек, аудан орталығындағы 3 мектепке футбол алаңын, Айшабibi, Т.Тоқтаров және №1 орта мектептің ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, оған бөлінген қаражат толық игерілді. Білім нысандарын газдандыру бойынша 2024-2025 жылдарға арналған жол картасына сәйкес аудандағы 2 білім беру мекемесі газдандырылды.

К.Сартбаев және Т.Рысқұлов атындағы орта мектептерде жылу құбырын ауыстыру жұмыстары сәтті

жас бар деген сөз. Дегенмен ауданда жұмыссыз ретінде NEET санатындағы жастар саны – 615. Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 1574 жас тартылды. 100 жас «Жасыл ел» жасактары қатарына өтті. «Қароке кеші», түрлі тақырыптық интеллектуалдық ойындар ұйымдастырылды. Сонымен қатар көмекке мұқтаж жастарға және ерекше балалар тәрбиелен отырған жастардың ата-аналарымен жұмыс істеуге психологиялық кабинет жасакталды.

Соңы. Басы 1-бетте

– Алдымен өзіңіз туралы айтып өтсеңіз.
– Мен Бесағаш ауылында туып-өстім. Қазір осы ауылдың келінімін. Үш баланың анасымын. Бар ғұмырым осы ауылмен тығыз байланысты. Бүгінде осы елде қара шаңырақтың түтінін түтетіп отырмын.

– Сіздің кәсіпкерлік ойыңыз қайдан туындады және алғаш қадамдарыңыз қалай басталды?

– Ана болу – мен үшін ең үлкен бақыт әрі жауапкершілік. Бірақ аналық міндеттен қатар, өз арнамымды да ұмытқым келмеді. Менің кәсіпкерлік жолым декреттік демалыста басталды. Үйде отырып, балаларымды бағып-қағып жүрген кезде өзімді дамытудың жолын іздей бастадым.

Бала күту – үлкен еңбек, дегенмен жан дүнием шығармашылықты қалады. Бет әрлеу мен шаш кию өнеріне бұрыннан қызығатынымын. Осылайша сала бойынша қысқа мерзімді курстарды оқыдым. Бастапқыда туған-туыстарыма тәжірибе жасап үйрендім, кейіннен ауыл естіп, бір тұрақты орын қажет екенін түсіндім. Осы оймен жүргенде «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие алып, кәсіп бастауға бел будым. Бұл мүмкіндік мен үшін үлкен серпіліс болды.

– Қорқыныш болды ма?
– Әрине, болды. Бұл саланы кәсіби түрде бастауға жүрексіздім. Қорқыныш, сенімсіздік бар еді. «Қолымнан келе ме?» деген сауал мазалайтын. Сол сәтте жолдасым маған үлкен қолдау көрсетті. Ол менің қабілетіме сенді. «Талпынып көр, қолыңнан келеді» деген сөзі демеу болды. Сол сенім мені алға жетеледі.

2025 жылдың жазында арнайы оқуға қабылдандым. Оқу барысында бет әрлеу мен шаш киюдің кыр-сырын терең меңгердім десем болады. Өйткені тәжірибелі мамандардан тәлім алып, күн сайын жаңа білім үйренуге тырыстым.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасы сізге қандай мүмкіндік берді?

– Бағдарлама мен үшін шын мәнінде үлкен мүмкіндік болды. Ауылда отырып кәсіп бастауға нақты қолдау алу – әркімге бұйыра бермейтін бақ. Бұл бағдарлама маған өз ісімді бастауға қаржылай әрі моральдық тұрғыдан демеу көрсетті. Ең



бастысы, өзіме деген сенімді арттырды. Бұрын тек ой деңгейінде жүрген жоспарымды жүзеге асыруға жол ашылды. Кәсіп бастау үшін тек ниет аз, мүмкіндік те қажет екен. Осы бағдарлама сол мүмкіндіктің кілтін ұстатты. Батыл шешім қабылдап, жаңа салаға қадам бастым. Алғашқы кезде қобалжу болды, себебі ауылда кәсіп бастау оңай емес. Ауыл тұрғындарының суранысын дөп басу керек. Оның үстіне бәсекелестік те жоқ емес. Бастапқыда келушілер саны аз болды. Кей күндері мүлде адам келмей қалған сәттер де кездесті. Бірақ мен мойымалдым. Әр келген адамға барынша сапалы қызмет көрсетуге тырыстым. Уақыт өте келе еңбегімнің нәтижесін көре бастадым. Бір келген кісі екіншісіне айтып, тұтынушылар қатары көбейді. Сенім қалыптаса бастады. Қазір тұрақты клиенттерім бар. Мен үшін ең бастысы – сапалы қызмет пен адал еңбек. Себебі, адал еңбектің ғана берекесі болатынына сенемін.

– Ауылда кәсіп жүргізудің ерекшелігі бар ма?
– Әлбетте, өзіндік ерекшелігі көп. Ең алдымен, ауылда бәрі бір-бірін таниды. Кімнің қандай іс бастап жатқанын жұрт тез біледі. Мұнда сенім ең басты орында тұрады. Егер халықтың сеніміне

АУЫЛДАН БАСТАЛҒАН АРМАН

кірсең, ісің алға басады. Ал сенімнен айырылсаң, қайта қалпына келтіру қиын. Ауыл тұрғындары қызметтің сапасына ерекше мән береді. Өйткені олар бір рет көріп қана қоймай, тұрақты түрде келуі мүмкін. Мұнда жарнама да ауыздан-ауызға тарайды. Бір адам риза болса, ол тағы бірнеше адамға айтып келеді. Сол сияқты көңілі толмаса да тез таралады. Сондықтан әр келушінің талғамына жауапкершілікпен қарау керек.

Уақыт өте келе тұрақты тұтынушылар пайда болды. Олар мені өзгелерге ұсынды. Тағы бір ерекшелігі, ауыл адамдары шынайылықты жақсы көреді. Жасандылықты бірден байқайды. Сондықтан қарапайым болу маңызды. Келушімен жылы сөйлесу де үлкен рөл атқарады. Қазір шүкір, еңбегімнің жемісін көріп отырмын.

– Болашақ жоспарыңыз қандай?
– Алдағы уақытта осы саланы одан әрі дамытуды көздеп отырмын. Қазіргі жеткен жетістігім, мен үшін тек бастамасы ғана. Әлі де үйренерім, меңгерерім көп. Сұлулыққа қатысты сала күн сайын жанарып, заман ағымына сай өзгеріп отырады. Сондықтан бұл бағытта үнемі ізденіп, білімді жетілдіріп, біліктілігімді арттыруды мақсат тұтамын. Алдағы уақытта түрлі шеберлік сабақтарына қатысып, танымал мамандармен тәжірибе алмасқым келеді. Жаңа трендтерді меңгеріп, заманауи бағытта жұмыс істеуді жоспарлап отырмын. Әсіресе, табиғильк пен сапалы қызмет көрсетуге басымдық бергім келеді.

Болашақта кәсібімді кеңейтіп, заманауи құрал-жабдықтар алуды, қызмет түрлерін көбейтуді де ойластырып жүрмін. Яғни тек бет әрлеу мен шаш киюмен шектелмей, басқа да қызметтерді енгізсем деймін. Ауыл тұрғындарының да талғамы жоғары. Олар сапалы әрі кәсіби қызметті қалайды. Осыған орай ауылда шағын болса да заманауи сұлулық орталығын ашу – басты арнамын. Іші жарық, жайлы, талапқа сай орын болып, келген әрбір жан

өзін ерекше сезінсе екен деймін. Ауыл жастары қарапайым қызмет үшін қалаға бармай-ақ, сапалы қызметті өз ауылынан алса деген ниетім бар. Сонымен қатар қасыма қосымша мамандар алып, жаңа жұмыс орындарын ашқым келеді.

Мен өз жолымды ауылдан бастағанымды мақтан тұтамын. Өмір маған бір нәрсені түсіндірді: қорқыныштың артында әрдайым үлкен мүмкіндік тұрады. Сондықтан әрбір қыз-келіншек өз ісін бастауға лайық деп ойлаймын. Адамда ниет болса, жол міндетті түрде табылады. Бастысы – батылдық пен еңбек. Мен алдағы уақытта да тоқтап қалмай, үнемі дамып, туған ауылымның өркендеуіне өз үлесімді қосуды мақсат етемін.

– Жас аналар мен жастарға айтар кеңесіңіз?
– Әсіресе, жас аналарға айтарым бар. Жаңа істі бастауға ешқашан кеш емес. Көрмей өкінгеннен гөрі, жасап көрген дұрыс. Қателік болса – ол тәжірибе. Ал еш әрекет етпей қалу – ең үлкен өкініш. Менің бүгінгі жеткен жетістігім де сол батыл қадамның арқасы. Жалпы, әйел адам тек отбасы аясында ғана шектеліп қалмайтынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Ана міндетімен кәсіпті қатар алып жүруге болады. Егер ниет болса, бәріне де жол табылады. Менің жолым ауылдан басталды. Сол себепті бұл ауыл қыздарына сенім беретін бір мысал деп ойлаймын. Еңбеккер жандар көп болса, ауылдың болашағы да жарқын болары анық.

– Сұхбатыңызға рақмет! Уақыт бөліп, өз тәжірибеніңізді бөліскеніңізге алғыс білдіремін. Сіздің өмір жолыңыз бен батыл қадамыңыз ауылдағы көптеген жас аналар мен қыз-келіншектерге үлкен үлгі болары анық. Алдағы жоспарларыңызға сәттілік тілеймін. Кәсіби өркендеп, еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз!

Сұхбаттасқан
Аружан КҮНТУБАЙ

Соңы. Басы 1-бетте

КОМИССИЯНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

Аталған кезеңде комиссия мүшелерінің құқықтық және ұйымдастырушылық дайындығын арттыру мақсатында бірқатар семинар мен түсіндіру кездесулері өткізілінін, оқу барысында референдум өткізу тәртібі, дауыс беру процесін ұйымдастыру, құжаттарды рәсімдеу, сондай-ақ заңнама талаптарын сақтау мәселелері кенінен қарастырылғанын алға тартты.

Келесі кезекте аумақтық референдум комиссияларының төрағалары дауыс беру күніне дайындық барысы туралы есеп берді. Олар учаскелердің материалдық-техникалық жабдықтауы, комиссия мүшелерінің дайындық деңгейі, сайлаушылармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және дауыс беру күніне қажетті барлық ұйымдастырушылық шаралардың орындалуы туралы хабарлар етті.

Сонымен қатар, отырыста референдумды байқауды жүзеге асыруға құқылы аккредиттелген қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ қоғамдық пікірге сауал салу жүргізу құқығы бар заңды тұлғалардың тізімі туралы мәселе қаралды. Бұл мәселе бойынша облыстық референдум комиссиясының мүшесі Мейржан Сембеков баяндама жасады. Ол байқаушылардың қызметі референдумның ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Күн тәртібіндегі тағы бір маңызды тақырып – референдум күні республикалық және жергілікті телеарналарда ақпараттық шығарылымдар мен сұхбаттарды ұйымдастыру мәселесі жөнінде облыстық референдум комиссиясының мүшесі Мерей Амангелді баяндама жасап, тұрғындарды



ақпараттандыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа референдумның маңызы, дауыс беру тәртібі және азаматтардың құқықтары туралы кенінен түсіндірі.

Ал облыстық референдум комиссиясының хатшысы Абылхайыр Боранбаев комиссия мүшелері арасындағы дауыс беру күніндегі міндеттердің бөлінісі, жоғары тұрған комиссияларға ұсынылатын есептік нысандар мен хаттамаларды толтыру тәртібі, сондай-ақ референдум құжаттарын белгіленген мерзімде жеткізу мәселелері туралы ақпарат берді.

Жұмыс барысында қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікір алмасып, бірқатар ұсыныстарын білдірді.

Аумақтық референдум комиссияларының төрағалары өз ойларын ортаға салып, референдумды ұйымдастырудың жеке-жеке мәселелеріне қатысты тәжірибелерімен бөлісті.

Отырысты қорытындылаған облыстық референдум комиссиясының төрағасы Серғали Айдапқелов республикалық референдум заң талаптарына сәйкес ашық әрі жоғары деңгейде ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталып, комиссия мүшелеріне дайындық жұмыстарын жүйелі жалғастыруды, саяси нақанды заңнама талаптарын қатаң сақтай отырып өткізуді тапсырды.

Облыстық аумақтық референдум комиссиясы.

ОҚЫТУ СЕМИНАРЫ ӨТКІЗІЛДІ

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумға дайындық шеңберінде саяси партиялар, коммерциялық емес ұйымдар және сайлау процесінің басқа да қатысушыларына арналған оқыту семинары өткізілді.



Оқыту семинары Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының «2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумның қатысушыларын оқытуды ұйымдастыру туралы» 2026 жылғы 12 ақпандағы №6/15 қаулысын орындау аясында өткізілді.

Семинардың негізгі мақсаты – референдум өткізу кезінде заң талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ референдум процесіне қатысатын ұйымдар мен азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

Семинарға облыстық аумақтық референдум комиссиясының толық құрамы, облыстық прокуратураның өкілі, облыстық полиция департаментінің қызметкері, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің облыс бойынша өкілі, облыс әкімдігі ақпарат және қоғамдық даму басқармасының басышы, облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры, қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімдерінің басшылары, облыстық қалалық және аудандық аумақтық референдум комиссияларының төрағалары, орынбасарлары мен хатшылары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жұмыс облыстық референдум

комиссиясының төрағасы Серғали Айдапқелов ашып, қатысушыларға республикалық референдумның маңызы мен оның демократиялық қоғамдағы ролі туралы кенінен тоқталды.

Ол өз сөзінде референдум халықтың мемлекеттік маңызы бар мәселелер бойынша тікелей ерік білдіруінің маңызды құралы екенін атап өтті.

– Референдум – еліміздегі демократиялық институттардың бірі. Сондықтан оны ұйымдастыру мен өткізу барысында заң талаптарының мүлтіксіз орындалуы, барлық қатысушының құқықтарының сақталуы аса маңызды. Бүгінгі семинардың мақсаты – осы талаптарды түсіндіру, тәжірибелік мәселелер бойынша пікір алмасу және референдум процесіне қатысушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, – деді Серғали Өмірзақұлы.

Семинар бағдарламасына сәйкес бірқатар мазмұнды ақпараттар тыңдалды. Алғашқы бөлім сөз алған облыстық прокуратураның өкілі «Заңдармен жүктелген өкілеттіктер шеңберінде прокуратура органдарының референдумның заңдылығын қамтамасыз етудегі ролі» тақырыбында баяндама жасады. Ол референдум барысында заң талаптарының сақталуын қадағалау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың құқықтарын қорғау

бағытында прокуратура органдарының атқаратын қызметтері туралы кенінен түсіндірді. Сонымен қатар, заңнаманы бұзған жағдайда қарастырылатын жауапкершілік түрлеріне де тоқталды.

Келесі кезекте облыстық полиция департаментінің қызметкері баяндама жасады. Ол «Республикалық референдумды дайындау және өткізу кезінде ішкі істер органдарының дауыс беруді өткізу, қоғамдық тәртіп пен сайлау бостандығын қамтамасыз ету және сайлау комиссияларының қызметіне көмек көрсету мәселелері» тақырыбында сөз қозғайды. Баяндамашы референдум күні дауыс беру учаскелерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтардың еркін дауыс беруіне жағдай жасау бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ құқық қорғау органдарының сайлау комиссияларымен өзара іс-қимылы туралы ақпарат берді.

Семинар барысында облыстық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары Талғат Жамалов «Республикалық референдум қарсаңындағы үгіт жүргізу тәртібі» және «Референдум өткізу барысында байқаушылардың, саяси партиялар мен коммерциялық емес ұйымдардың ролі» тақырыптарында кенінен баяндама жасады. Ол үгіт-насихат жұмыстарының заң аясында жүргізілуі, байқаушылардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының референдум процесіндегі маңызы туралы түсіндірді.

Семинардың ерекшелігі ретінде қатысушылардың білімін интерактивті түрде тексеруге арналған арнайы бөлім ұйымдастырылды. «Қаху» бағдарламасы арқылы телешоу стилінде викториналық сұрақтар қойылып, қатысушылар референдумға қатысты заңнамалық нормалар бойынша білімдерін сынады.

Шара соңында семинарға қатысқан барлық тыңдаушыларға арнайы сертификаттар табысталды. Қатысушылар ұйымдастырылған оқыту семинарының маңыздылығын атап өтіп, мұндай кездесулер құқықтық мәдениетті арттыруға және референдум процесін ашық әрі заң талаптарына сай өткізуге үлкен ықпал ететінін жеткізді.

Облыстық аумақтық референдум комиссиясы.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

Жасыратыны жоқ, тапсырылған іске жүрдім-бардым қарайтын, жеке мүддесін бірінші орынға қоятын пайдакүнем, парақор, жемқор пенделердің кесірінен халқымыз көптеген қиындыққа кезікті. Қоғамға нашар әдет, кеулеген жұлынқұрт, меңдеген дерт жабысты. Соның салдарынан қатардағы қарапайым адамдардың қалжырағаны бір бөлек, қоғамда келеңсіз құбылыстың жойылмай отырғаны өскелең ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні баршаны алаңдатады. Сол себепті жұмысты кейінгі буынның тәрбиесінен, оларға адалдық өнегесін көрсетуден бастауға тиіспіз. Нәтижеде мемлекет ішіндегі тыныштық сақталмақ.

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Осы орайда Мемлекет басшысының Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда айтқан «Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасат пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді. Құрметке ие болады» деген сөздерін ойға алғанымыз абзал.

Рас, елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар аз емес. Бұл тұрғыда қауіпті құбылыстың алдын алуға баса назар аударылуға Әділетті Қазақстан құру жолында біздің таңдауымыз жемқорлықсыз болашақ болуы керек. Оны біз ғана емес, бүкіл әлем қалайды.

Біз қашанда сыбайлас жемқорлықсыз қоғам – жарқын болашақ кепілі екенін ұмытпағанымыз жөн. Ал, болашақ тірегі – ұрпақ тәрбиесі. Жемқорлықты көрмей өскен ұрпақ елдің нығаянына бар күш-жігерін жұмсайды.

Ғаламдық індетпен күресуге әрбір көзі ашық, көкірегі ояу, ұлттық



мәдениеті жоғары, рухани дүниесі бай, әділетті де білімді азамат үлес қосуға тиіс. Әрдайым адами ақыл-парасат биігінен көрініп, қоғамды қатерлі кеселге қарсы күреске жұмылдыру, ондай жат құбылысқа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру, жастарды сол қозғалысқа тарту, заңдылықты қамтамасыз ету арқылы ғана бұл індетті жоюға болады.

Ерлан МАРХАБАЕВ,
аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының басышы.

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ СЕНІМДІ ТЕТІГІ

Қазіргі таңда жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу – қоғамдық денсаулық сақтау саласының маңызды бағыттарының бірі. Аурудың алдын алу шараларының ішінде дезинфекция, дезинсекция, дератизация және камералық дезинфекция ерекше орын алады. Бұл іс-шаралар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Дезинфекция – қоршаған ортадағы инфекциялық және паразиттік ауру қоздырғыштарын жоюға арналған арнайы шаралар кешені. Ауру қоздырғыштар тұрмыстық заттарда, ауада, суда немесе түрлі беткейлерде сақталуы мүмкін. Сондықтан дезинфекциялық жұмыстары аурудың таралу тізбегін үзуге мүмкіндік береді.

Дезинсекция – адамға және жануарларға қауіпті жәндіктер мен буынаяқтыларды жоюға бағытталған іс-шаралар жүйесі. Шыбын, маса, таракан, бүрге сияқты жәндіктер түрлі жұқпалы ауруларды тасымалдауы мүмкін. Сол себепті оларды дер кезінде жою және көбеюіне жол бермеу – маңызды профилактикалық шаралар.

Дератизация – кеміргіштерді жою немесе олардың санын азайту мақсатында жүргізілетін жұмыстар. Кеміргіштер оба, туляремия, сарып, күйдіргі, сальмонеллез секілді қауіпті аурулардың қоздырғыштарын таратады. Дератизациялау шаралары аталған инфекциялардың алдын алуға көмектеседі.

Камералық дезинфекция – арнайы камераларда заттарды (төсек-орын, матрас, жастық, көрпе, киім, аяқ киім және т.б.) өңдеу арқылы зарарсыздандыру әдісі.

Бұл тәсіл микробтарды, паразит жұмыртқаларын және жәндіктердің дернәсілдерін толық жоюға мүмкіндік береді. Әсіресе, инфекциялық ауру ошақтарында бұл әдістің тиімділігі жоғары.

Осы бағыттағы қызметтерді «Ұлттық сараптама орталығы» Жамбыл облысы бойынша филиалының Жамбыл аудандық бөлімшесі келісімшарт негізінде жүзеге асырады. Мекеме заманауи, сапалы препараттарды қолдана отырып, санитариялық талаптарға сай қызмет көрсетеді. Барлық препараттар үнемі жанартылып, сақтау талаптары қатаң бақылауда ұсталалы.

Дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар – халық денсаулығын қорғаудың сенімді тетігі. Уақтылы және сапалы жүргізілген жұмыстар аурудың алдын алуға, қауіпсіз ортаны қалыптастыруға және қоғамның әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Нұрғали БИБАЗАРОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Жамбыл облысы бойынша филиалы Жамбыл аудандық бөлімшесінің эпидемиологиялық-комекшісі.

15 МАРТА – ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

ГЛАВНАЯ ЦЕЛЬ – ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ ОСВЕДОМЛЕННОСТИ ПОКУПАТЕЛЕЙ

Ежегодно 15 марта международная общественность отмечает Всемирный день потребителей, проведение которого решением ООН приурочено к годовичной выступлению президента США Джона Ф.Кеннеди в Конгрессе в 1962 году, где он сказал «Потребители, по определению, это все мы. Потребители – это крупнейший экономический слой, который воздействует почти на любое частное или государственное экономическое решение... Но это единственный голос, которого зачастую не слышно». В докладе были сформулированы четыре основных права потребителя: право на безопасность, право на выбор, право на информацию и право быть услышанными.

Кроме вышеперечисленных прав Закон Республики Казахстан «О защите прав потребителей», принятый в 2010 году устанавливает права потребителей на обмен или возврат товаров как надлежащего, так и ненадлежащего качества, на возмещение в полном объеме убытков (вреда), причиненных их жизни, здоровью и имуществу в следствии недостатков товара, на возмещение морального вреда, на государственную и общественную защиту потребительских прав, а также определяет механизм реализации этих прав.

По сложившейся традиции Международная Федерация потребительских организаций каждый год определяет тематику Всемирного дня прав потребителей. В 2026 году он проходит под девизом – «Безопасные товары, уверенные потребители».

Любой покупатель хочет приобрести в магазинах качественный товар, который в полной мере будет соответствовать его потребностям и оправдывать выбор. Само собой разумеется, что продукция должна не только оправдывать его ожидания, но и быть безопасной для здоровья.

В связи с развитием цифрового рынка безопасность продукции быстро

стала критически важной проблемой, влияющей на жизнь и здоровье людей, доверие потребителей и мировую экономику.

Согласно недавнему обзору Организации экономического сотрудничества и развития, 87% отозванной или запрещенной продукции по-прежнему доступны в интернете. Кроме того, во многих странах отсутствуют достаточные правовые рамки для защиты общества от некачественной продукции.

Важность этой проблемы обусловлена тем, что некачественная продукция несет собой такие угрозы:

- жизни и здоровью человека – такие последствия могут вызывать как игрушки, при производстве которых использовались токсичные красители, так и электроника, способная спровоцировать пожар;
- подрыв уверенности покупателя в своих действиях, и как следствие, экономического доверия;
- развитие глобального неравенства, в ходе которого последствия от покупки некачественной продукции особенно сильно влияют на слои населения, считающиеся наиболее уязвимыми.

Чтобы обезопасить себя от приобретения продукции ненадлежащего

качества, потребителям рекомендуется придерживаться следующих правил:

- требование информации о составе, сроках годности товаров, о контактах производителя;
- изучение информации о продукции перед ее покупкой – отзывам других покупателей, данных о сертификатах качества товаров;
- соблюдение мер предосторожности при совершении покупок онлайн. Обязательно поинтересуйтесь репутацией продавца, который предлагает вам тот или иной товар, хорошенько подумайте о том, стоит ли делать предварительную оплату полностью или частично.

Всемирный день защиты прав потребителей в 2026 году – это важный праздник, целью которого является повышение уровня осведомленности покупателей. Зная о своих правах люди могут приобретать качественный товар и быть уверенными в его безопасности.

Департамент торговли и защиты прав потребителей Жамбылской области доводит до сведения потребителей, что рассматривает обращения потребителей, поступающие через системы: E-online, E-gov, Telegram bot и другие способы связи.

Консультацию по вопросам защиты прав потребителей Вы можете получить по телефону: 8-7262-54-21-69.

Татьяна ФЕДОСОВА,
главный специалист
департамента торговли и защиты прав потребителей Жамбылской области.

Соңы. Басы 1-бетте

ТАЗАЛЫҚҚА БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ

Сырт көз әрдайым сыншы. Ауылымыз таза әрі көрікті болса, бұл ең алдымен өзіміз үшін қуаныш. Қоқыс жатпай, айнала ажарланып тұрса, тұрғындардың да көңілі көтеріліп, ауылдың берекесі арта түседі. Сондықтан тазалық жұмыстарын тұрақты түрде жалғастырып, туған жеріміздің көркеюіне бәріміз бірге үлес қосудымыз керек, – дейді ауылдық округ әкімі.

Айта кету керек, мұндай игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады. Тазалық пен тәртіпті сақтауға бағытталған жұмыстар ауылдың көркін арттырып қана қоймай, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Осы орайда ауылдың тазалығы мен көркі тек сенбілік күндерімен немесе әкімдік қызметкерлерінің еңбегімен ғана шектеліп қалмауы тиіс. Тазалық және абаттандыру жұмыстарына барлық елді мекен тұрғындары, мекеме қызметкерлері мен жастар белсенді қатысып, туған жердің көркеюіне өз үлесін қосуы қажет. Айналы таза ұстау, қоқысты бейберекет тастамау, қоғамдық орындарға ұқыптылықпен қарау әр азаматтың мәдениеті мен туған жерге деген жанашырлығын көрсетеді. Тазалыққа бейжай қарамай, ортақ іске жауапкершілікпен қараған кезде ғана ауылымыздың ажары артып, келбеті көркейе түседі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚ ИЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорының Жамбыл филиалы 2026 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін бекітілген тарифтер бағасы туралы хабарлайды:

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін – 1,160 теңге/м³ (ҚҚС-сыз), 1,3456 теңге/м³ (ҚҚС-мен).
2. Бюджеттік ұйымдар үшін – 1,300 теңге/м³ (ҚҚС-сыз) 1,508 теңге/м³ (ҚҚС-мен).

Келісімшартқа түру үшін шаруа қожалық төрағасының немесе төрайымының жеке басын растайтын куәлік, Мемлекеттік акт, Қаулы, ЭЦҚ кілт қажет.

ДІННІ ТҰРСЫН ДІН АМАН

Қадір түні – Рамазан айының ең қасиетті түні, Құран Кәрімнің түсе бастаған уақыты. Бұл түнді құлшылықпен өткізу – үлкен сауап. Өдетте, Қадір түні Рамазан айының соңғы он түнінің тақ түндерінің бірі, әсіресе 27-нші түні деп есептеледі. Наурыз айының 16-сынан 17-сіне қараған түн Қадір түні деп белгіленген.

Ханафи мәзһабының ғалымдары нақты бір ғана түнге бекімей, кез келген түн Қадір түні болуы мүмкін екенін алға тартқан. Әйтсе де, Рамазан айының 27-ші түнін қуатты деп бекіткен. Сахабалардан жеткен риуаяттарды зерттеген ғалым Саид Сабиктің айтуынша, ғұламалар Қадір түнін белгілеуде түрлі көзқарас ұстанған. «Қадір түні Рамазан айының 21, 23, 25, 29-ы күндері деген ғұламалар болса да, көпшілік ғалымдар 27-нші түн Қадір түні деген пікірге тоқтаған. Себебі бізге жеткен риуаяттарға қарасақ, имам Мұслим, Әбу Дәуіт, Термизи және Ахмад ибн Ханбалдың жеткізген сахих хадистерінде 27-нші түн екені анық айтылады», – дейді ғалым.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла Тағалаға: «Уа, Раббым, менің үмметімнің өмірлері қысқа, амалдары аз», – деп дұға еткен. Сонда Алла Тағала сүйікті елшісіне Қадір түнін сыйлады және былай деді: «Қадір түні саған және сенің үмметіңе мың айдан артық» («Сафуат ут-тафасир», 3-том).

Ғалым Ибн Кәсир «Қадір» сөзінің төмендегі үш мағынасын атап өткен:

1) «Қадір» сөзі «үкім түні» мағынасын береді. Осыған байланысты Қадір түні дегенде Алланың тағдырды үкім ететін түні екендігін білуге болады. Бұл жердегі тағдыр ұғымы, әуелгі тағдырдың паш етілуі болатын. Өйткені Құран Кәрімде: «Сол түні (Алланың) хикметімен тағдырға жазылған әрбір іс нақтыланатын болады», – деп бұйырылған («Дұхан» сүресі,

Мың айдан да артық түн



4-аят). Қатада: «Бұл түнде келесі жыл істеріңізді тағдыр жазылады», – деді («Тафсир Табари», 25/65).

2) «Қадір» сөзі «абырой, бедел» мағынасын береді. Яғни Қадір түні – ұлық және аса қадірлі түн дегенді білдіреді. Мұндай жоғары дәрежеге лайық болуының себебі, бұл түннің салмағы мың айдан артық әрі қайырлы болмақ. Бұл жайында Құранда: «Қадір түні мың айдан артық (қайырлы), – деп баяндалады («Қадір» сүресі, 3-аят).

3) «Қадір» сөзі «сығылысу» мағынасын береді. Ғалымдар

«қадір» сөзі «тарылу» мағынасын да білдіреді деген. Өйткені бұл түні бүкіл періштелер жер бетіне түскеннен соң, жердің тарлығынан сығылысады. Бұл жайлы Құранда: «Ол түні періштелер мен Рух (Жәбірейіл періште) Раббыларының рұқсатымен әртүрлі іс атқару үшін лек-легімен түскен үстіне түсе береді», – деп баяндалады («Қадір» сүресі, 4-аят). Ислам ғұламаларының айтуына қарағанда, «сығылысудағы» мақсат «үлкен қайырлы істердің жүзеге асуы және Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен

сәлемі болсын) Хира үңгірінде Жәбірейіл періште алғашқы уақи түсіргенде, Пайғамбарымыздың жаны сығылғаны белгілі. Негізінде Қадір сөзі осы үш мағынаны да қамтиды.

Рамазан айы келгенде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ораза айы келді, онда мың айдан қайырлы Қадір түні бар. Кімде-кім сол түннің сауабынан құр қалса, барша жақсылықтан мақұрым қалмақ. Мақұрым адам ғана оның сауабынан құр қалады», – деген (Ибн Мәж).

Сахаба Әбу Һұрайра жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім Қадір түнінің артықшылығына сеніп, сауабын Алладан күтіп, ғибадат, құлшылықпен өткізсе, өткен-кеткен күнелері кешіріледі», – деген (Бұхари). Сондықтан мұсылман адам бұл түнді барынша құлшылықпен, сауапты істермен өткізуге тырысады.

Бұл түні жасалуы тиіс істердің қатарына намаз оқу, Құран оқу, өткен күнелерді енді жасамасқа тәубе етіп, кешірім тілеу, жалбарынып тілек тілеу жатады. Қаза (оқымаған, қалып қойған) намазы бар адам шамасына қарап сол қарыз намаздарын оқығаны дұрыс. Қарызы болмаған жағдайда қалағанынша нәпіл намаздарды оқи алады. Сонымен қатар бұл түні көбірек дұға-тілек айту керек. Ғалымдардан Суфиян Сәури (Алла оны рақымына алсын): «Қадір түні тілек тілеп, кешірім тілеу намаздан ұнамды. Құран оқып, артынан тілек тілеу – ең жарасымдысы», – деген.

Айша анамыз (Алла оған разы болсын) Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Рамазан айының ақырғы он күнінде құлшылыққа ерекше ден қоятынын айтады. Бұл түні қалай дұға ету керек деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына дұғаны үйреткен: «Уа, Раббым, Сен, әрине, кешірімдісің, жомартсың. Кешіргенді ұнатасың, мені де кешіре гөр!» (Термизи).

Бұл түнді рухани тұрғыдан тазару, кешірім сұрау және Аллаға жақындау мақсатында өткізу маңызды. Жүректен шыққан шынайы дұға мен ізгі амалдар қабыл болады. Түннің барлығын ғибадатпен өткізе алмайтын кісілер, тым болмаса, түннің бір бөлігін құлшылықпен, ізгі амалдармен өткізуіне болады. Алла Тағала бұл түнде жасайтын бүкіл құлшылықтарымызды, дұға-тілектерімізді қабыл еткелі.

Дәурен ҚҰТТЫБАЕВ,
аудандық «Бәйдібек»
мешітінің бас имамы.

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

ТУБЕРКУЛЕЗ ДЕРТІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Туберкулез – ежелгі жұқпалы аурулардың бірі. Роберт Кох 1882 жылы туберкулез қоздырғышын ашып, оның жұқпалы ауру екенін дәлелдеді. XX ғасырға дейін аталған ауру іс жүзінде емделмейтін болған. Туберкулез – әлемдегі ең көп таралған инфекциялардың бірі. Микроскоп астындағы туберкулез микробы қатты ұлғайған кезде кішкентай таяқша тәріздес болып көрінеді, сондықтан туберкулез таяқшасы деп аталды.



мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті);

- маскүнемдік;
 - темекі шегу;
 - нашакорлық;
 - ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары) ықпал етеді.
- Туберкулез ауруының негізгі белгілері:
- ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел;
 - шаршау және әлсіздік;
 - дене салмағының төмендеуі;
 - температураның ұзақ көтерілуі;
 - түнде тершендіктің болуы;
 - кеуде қуысындағы ауырсыну;
 - қан түкіру.

Туберкулезді анықтау жағдайлары:

- тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді;
 - рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді;
 - қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.
- Туберкулездің алдын алу үшін:
- салауатты өмір салтын ұстану;
 - жыл мезгіліне қарамастан таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу;
 - жеке гигиена ережелерін, жөтел этикетін сақтау;
 - дұрыс тамақтану;
 - жаңа туған баланы БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау және 6-7 жаста қайта вакцинациялау;
 - туберкулезді дер кезінде диагностикалау керек.

Ғабит ӘБДІЛДА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

МАМАН КЕҢЕС БЕРЕДІ

Құс тұмауының вирусы алғаш рет ХХ ғасырдың басында Италияда анықталған және ұзақ уақыт бойы адамдар үшін қауіпсіз деп есептелген. Құс тұмауының вирустары жабайы және үй құстарында, жылқыларда, шошқаларда кездеседі. Жабайы құстар әдетте құс тұмауымен ауырмайды, бірақ индеттің таралу көздері болып табылады. Үй құстары дертке шалдыққан жағдайда ауру жасырын түрде өтіп, құстардың өліміне соқтырады.

Құс тұмауы қауіпті

Құс тұмауының вирусын адамдардың алғаш жұқтыруы 1997 жылы Гонконгта тіркелген. Онда құс тұмауы вирусының H5N1 түрімен 18 адам науқастанып, 6 адам қайтыс болған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша 2003 жылдан бері құс тұмауынан 100 адам сырқаттанған, олардың жартысынан көбі өмірден озған. Вирустың адамнан адамға жұғуы анықталған.

Вирустың таралуы жабайы құстардың көктемде және күзде ұшу бағытына байланысты. Көшіп-қонатын, суда жүзетін құстар құс тұмауының табиғи резервуары болып табылады, олар ауруды ұзақ қашықтыққа таратып, үй құстарының ауруға шалдығуына себепкер болады. Үй құстарының ауруға шалдығуының негізгі белгілері:

- басын қайырып аударуы;
- жұмыртқа басуының күрт төмендеуі;
- сырғасының, айдарының, сақалының көгеруі және ісінуі;
- қырылуы, мұрын қуысынан сұйықтық бөлінуі, іші өтуі;
- қозғалыс үйлесімнің бұзылуы, енжарлық, аяқ астынан өлуі.

Қазақстан Республикасы аумағында 2020 жылдың екінші жартысында Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Алматы облыстарындағы 4 ірі құс фабрикасына қоса алғанда, 8 облыстың аумағында барлығы 98 ошақ тіркелген. Бұл ошақтар дер кезінде жойылып, ауру және өлген құстар алынып, жойылған. 2021 жылы 7 ошақ тіркеліп, барлығы дер кезінде жойылған.

2023 жылы желтоқсан айында Маңғыстау облысының Ақтау қаласында және Қаракөл мекені аумағында аққулардың жаппай өлімі



тіркелген. Ветеринария бойынша Ұлттық Референттік орталығында өлген құстарға зертханалық зерттеулер жүргізіліп, нәтижесінде аққудан алынған сынамаларда құс тұмауы вирусы анықталған.

Жамбыл ауданы бойынша 2025 жылы жоспарға сәйкес құс тұмауына 64000 доза вакцина бөлініп, толық егілген. Осыған байланысты құстардың жұқпалы ауруларының алдын алу үшін, жалпы ветеринариялық-санитариялық шаралардан басқа, шаруашылықтардағы және оның айналасындағы елді мекендердегі эпизоотиялық жағдайды ескере отырып, құстарды вакцинациялау іс-шаралары жүргізіледі.

Құс өсіруші шаруашылықтарда аурудың белгілерін, мінез-құлқының оғаштығын, олардың жаппай өлуін байқаған жағдайда жергілікті аудандық ветеринариялық мамандарға шұғыл хабар беру керектігін ескертеміз.

Төрехан БАЛТАЕВ,
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Жамбыл аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы.

ШҰҒЫЛА-RADUGA

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701

Бас редактордың орынбасары: Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177

Тілшілер: Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395
Құрбанәлі Шахабай 87788758489
Жұматай Көксубайұлы 87088419629
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер-теруші: 2-20-24

Бас редактордың орынбасары: 2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰРУ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3094 Тапсырыс №153

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта: sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.